**Республикалық оқу әдістемелік Кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ жанындағы Оқу- әдістеме бірлестігінің мәжілісінің № 4 ХАТТАМАСЫ**

**Алматы қ.** **21 сәуір 2021 ж.**

**Модератор** - РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов.

**Хатшы** - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, И. Жанашев.

**Қатысқандар:** Есполов Т.И.; Тиреуов К.М.; Калыкова Б.Б.; Вайлиева З.Я.; Исламов Е.И.; Жанашев И,; Махашев Е.; Сихымбаев С.Ж.; Кусайнова Ж.А.; Искаков А.Р.; Айтуарова А.М; Жылтырова Ж.Т.; Бекбосынов С.; Джанабекова Г.К.; Абдильдин Н.К.; Буралхиев Б.А.; Абаева К.Т.; Омаркулова М.; Абилдаев Е.С.; Есимова Б.Д.; Уразалиев К.Р.; Адылканова Ш.Р.; Альпейсов Ш.А.; Кентбаева Б.А.; және 312 адам онлайн қатысты. (тізім қосымша беріледі)

**Өткізу күні мен уақыты:** 21.04.2021 жыл, сағ.:$10^{00}$

**Өткізу форматы:** онлайн режимінде ZOOM платформасында;

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдегі пандемия кезеңінде оқу процесін, тәжірибелік жұмысты және үй тапсырмасын орындауды онлайн форматта өткізу мәселелерін әлемдік ЖОО-дарымен бірге талқылау;

2. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу;

3. Ауылшаруашылық өнім өндірушілері мен агроқұрылымдар қызметкерлеріне су, орман, өсімдік және мал шаруашылықтарына сонымен қатар ветеринария бағытында онлайн форматта университет ғалымдарының кеңес беруін ұйымдастыру.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов ашты:

Университет өзінің инновациялық дамуында 2020 жылдың қазан айында зерттеу университеті атағы Өкімет қаулысымен берілгенін айтты.

Оқу-тәжірибе шаруашылығында Агротехнопарк құрылды, онда Инновациялық технологиялар мен техниканы Қазақстанның ауыл шаруашылығы жағдайларына бейімдеу жүргізіледі. Мұнда машина сынау станциясы, 75 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталық жұмыс істейтіндігін және ол техника студенттердің басқаруымен өндірісте жұмыс атқаратыны жайлы айтты.

Ауыл шаруашылығы министрлігі департаментінің (USDA, АҚШ) ұсынымы және INRA (Франция), INTA (Аргентина), EMBRAPA (Бразилия) жетекші ғылыми орталықтарының тәжірибесі бойынша университетте Халықаралық Агротехнологиялық хаб құрылды, оның миссиясы АӨК-дегі үздік инновациялық технологиялар мен жаңа білімдерді іздестіру, тарту және трансферттеу болып табылады. Агрохабтың құрамында 7 ғылыми-зерттеу институты, 8 инновациялық орталық, 49 зерттеу зертханасы жұмыс істейді, олар халықаралық агенттіктермен аккредиттелген және жоғары оқу орындары, ҒЗИ және агроқұрылымдар ғалымдарының ұжымдық пайдалануы үшін ашық деді олардың бәрі осы отырысқа қатысып отырғаны жайлы айтты.

Нақты ғылыми жобалар шеңберінде құрылған 18 халықаралық зерттеу орталығы жұмыс істейтіндігін атап өтті.

Оқу-әдістемелік бірлестіктің (ОӘБ) мақсаты – «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» даярлау бағыты бойынша жобаларды басқару тобы (ЖБТ) аграрлық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын арттыру болып табылатындығын айтты.

Осыған байланысты Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша 2020-2021 оқу жылына Оқу-әдістеме бірлестігінің – Жобаларды басқару тобының кезекті кеңейтілген онлайн отырысын өткізгелі отырмыз, ұсынатын күн тәртібі жоғарыдағыдай:

Кеңес отырысының регламентін төмендегідей ұсынды:

- Баяндамашыларға - 7 минут
- Қосымша баяндамашыларға – 3 минут
- Жарыс сөз сөйлеушілерге -3 минут

**І-ші сұрақ бойынша тыңдалды:** Америка, Нидерланды, Франция, Аргентина, Бразилия, Корея, Жапония, Ресей, Өзбекстан, Қырғыз республикасы және ҚР университеттерінің басшылары, оқу ісі жөніндегі жауаптылар сөз сөйледі (Толық сөз мәтіні қосымша беріледі).

**ІІ-ші сұрақ бойынша тыңдалды:** ҚазҰАЗУ ғылыми кітапхана директоры А.Айтуарова ханым жалпы университеттегі бакалаврға 25 білім беру бағдарламасы тобына 54 білім беру бағдарламасына;

магистратураға 29 білім беру бағдарламасы тобына, 46 білім беру бағдарламасына;

доторантура 5 білім беру бағдарламасы тобы бойынша, 19 білім беру бағдарламасына оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу оның ішінде «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» «Ветеринария» бар осы мәліметті бүгінгі отырыста бекітуді сұрады (Толық сөз мәтіні қосымша беріледі).

**ІІІ-ші сұрақ бойынша тыңдалды:** ҚазҰАЗУ ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Исламов Есен Исрайлұлы өткен жылдың үлгісінде ақпан айынан бастап барлық ауылшаруашылық өндірісінің әр саласындағы жетекшілерінен келіп түсен сұрақтарын талқылап экономика, менеджмент, өкіметпен байланыс жайлы өзекті мәселерді ірітеп Республикадағы ҚазҰАЗУ университеті қарасты ҒЗИ және өзіміздң жетекші ғалымдарды ұйымдастырып онлайн формотта аптасына екі кездесу дөңгелек столдар өткізіліп жатқанын ол істің тиімділігін іс жүзінде байқалып жатқаны жайлы баяндады. (Толық сөз мәтіні қосымша беріледі)

**РОӘК ОӘБ төраға орынбасары, бірінші проректор** **К.Тиреуов**

**Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор** **Б.Калыкова**

**РОӘК ОӘБ Ғалым хатшысы** **И.Жанашев**